

Абай облысы Көкпекті ауданының елді мекендегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 343 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда № 169-18 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Абай облысы Көкпекті ауданының елді мекендегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті бекітілсін.

2. "Көкпекті ауданының елді мекендегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" Көкпекті ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 329 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7646 нөмірімен тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Абай облысы Көкпекті ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Көкпекті ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Көкпекті ауданының әкімі

Д. Оразбаев

Көкпекті ауданының әкімдігінің
2023 жылғы 29 қарашадағы
№ 343 қаулысына
қосымша

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

Реттік №	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті

	Биғаш ауылдық округі	
1	Биғаш ауылы	1,44
2	Егінбұлақ ауылы	1,29
	Көкжайық ауылдық округі	
3	Көкжайық ауылы	1,45
4	Ақ-ой ауылы	1,45
5	Қарамойыл ауылы	1,45
6	Қарағандыкөл ауылы	1,29
	Көкпекті ауылдық округі	
7	Көкпекті ауылы	1,45
8	Ажа ауылы	1,45
9	Узын-Бұлақ ауылы	1,29
10	Шәріптоғай ауылы	1,44
11	Толағай ауылы	1,44
	Қ. Аухадиев атындағы ауылдық округі	
12	Преображенка ауылы	1,35
13	Үкілі-Қыз ауылы	1,44
14	Черноярка ауылы	1,29
	Тассай ауылдық округі	
15	Тассай ауылы	1,35
16	Қайнар ауылы	1,29
17	Ақсу ауылы	1,09
18	Үшкөмей ауылы	1,21
	Теректі ауылдық округі	
19	Теректі ауылы	1,45
	Үлгілімалшы ауылдық округі	
20	Үлгілімалшы ауылы	1,45
21	Мамай ауылы	1,45
22	Сүлеймен ауылы	1,29
23	Нұра ауылы	1,19
	Үлкенбөкен ауылдық округі	
24	Үлкенбөкен ауылы	1,45
25	Ақтас ауылы	1,39
26	Жансары ауылы	1,41
	Шұғылбай ауылдық округі	
27	Шұғылбай ауылы	1,44
28	Мелитополь ауылы	1,19

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК